

Жағалау жиегінің нақты орналасқан жерін айқындау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 15 наурыздағы N 233 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 8 қарашадағы
№ 1172 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.11.08 № 1172 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Мұнай туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 маусымдағы Заңының 5-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
Z100291 қараңыз

1. Қоса беріліп отырған Жағалау жиегінің нақты орналасқан жерін айқындау ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 1 5 н а у р ы з д а ғ ы

N 2 3 3 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Жағалау жиегінің нақты орналасқан жерін айқындау ЕРЕЖЕСІ

1. Осы Жағалау жиегінің нақты орналасқан жерін айқындау ережесі Қазақстан Республикасы аумағындағы су объектілерінің жағалау жиегін айқындау тәртібін регламенттейді.

2. Су объектісі (теңіздер, көлдер, өзендер, тоғандар және су қоймалары) бетінің құрғақ жер бетімен белгілі бір уақыт аралығында қиылысу сызығы жағалау жиегінің нақты орналасқан жері болып табылады.

3. Жағалау жиегі су объектісі деңгейінің орташа көпжылдық жай-күйіне қатысты қолданылатын шартты түсінікті танытады.

4. Теңіздер, көлдер, өзендер мен су қоймаларының жағалау жиегі тұрақты және айқындалған; тұрақсыз және айқындалмаған (орташа көпжылдық, теңіздердің су басып қалатын ойпаң жағалаулары, кеуіп бара жатқан көлдер мен

су қоймаларының, батпақтардағы, жүзбелердегі көлдердің жағалаулары) болуы м ү м к і н .

5. Теңіздің жағалау жиегі судың көтерілу уақытындағы деңгейі неғұрлым жоғары кезіндегі қию сызығы, ал көтерілу-қайту құбылысы болмаған кезде толқынның жағаға соғу сызығы болып табылады.

6. Каспий теңізінің жағалау жиегі оның орташа көпжылдық деңгейі бойынша немесе Каспий жағалауындағы мемлекет ресми түрде таныған ірі масштабты карталарда көрсетілген құрлықта немесе аралдарда толығымен немесе жартылай орналасқан бастапқы сызығы бойынша айқындалады.

7. Жағалау жиегі терең жырымдалған және иірленген немесе жағалаудың бойында және оған тікелей жақын жерде аралдар тізбегі болған жерлерде аумақтық теңіздің ені өлшенетін бастапқы сызық тиісті нүктелерді қосатын бастапқы тура сызықтар әдісімен айқындалады.

Аумақтық теңіздің енін өлшеу үшін қабылданған бастапқы сызықтан жағалау жаққа қарай орналасқан теңіз сулары ішкі теңіз суларына жатады.

8. Өзендердің және оларға теңестірілген арналардың, көлдердің, тоғандардың жағалау жиектері судың төменгі сабасын (судың неғұрлым төмен күйіндегі мезгілдегі су деңгейі) қию сызығы болып табылады.

9. Ірі су қоймаларының жағалау жиегі су қоймасын пайдалануға қажетті су деңгейіне сәйкес болатын қалыпты сүйеу көкжиегінің сызығы болып табылады. Егер су қоймасы қалыпты сүйеу көкжиегінің деңгейіне дейін толмаған болса, онда оның жағалау жиегі су қоймасының суға толған сәтіндегі су деңгейінің жай-күйі бойынша көрсетіледі және картографиялық материалдарда тұрақсыз және айқындалмаған жағалау жиегінің шартты белгісімен бейнеленеді.